

**«М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
7М04142- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ БАСҚАРУ БББ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ**

1. 7М04142 – «Мемлекеттік қызметтерді басқару» білім беру бағдарламасы түлектерінің **кәсіби қызмет объектілері:**

- мемлекеттік билік және басқару органдары (орталық және жергілікті атқарушы органдар);
- мемлекеттік қызметтер көрсететін ұйымдар, оның ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), мамандандырылған мемлекеттік мекемелер және ведомстволық бағынысты ұйымдар;
- мемлекеттік бағдарламалар мен сервистерді іске асыруға қатысатын квазимемлекеттік сектор, ұлттық компаниялар және даму институттары;
- цифрлық мемлекеттік қызметтерді, электрондық үкіметті (eGov), «бір терезе» қағидатын және клиентке бағдарланған сервистік модельдерді әзірлеуге, енгізуге және сүйемелдеуге жауапты құрылымдар;
- мемлекеттік қызметтердің тиімділігін, сапасын және қолжетімділігін бағалау саласындағы талдамалық, жобалық және сараптамалық-кеңес беру бөлімшелері;
- мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерістерін мониторингтеу, аудит жүргізу, реинжинирингтеу және бизнес-процестерді оңтайландырумен айналысатын ұйымдар;
- мемлекеттік басқару және қоғамдық қызметтер саласында зерттеулер жүргізетін әрі әдістемелік сүйемелдеу жүзеге асыратын білім беру, ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдар.

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша білім беру бағдарламасы түлегінің иеленетін экономикалық қызмет салаларының тізбесі:

7М04142 – «Мемлекеттік қызметтерді басқару» білім беру бағдарламасы түлектері Қазақстан Республикасының ЭҚЖЖ сәйкес келесі экономикалық қызмет салаларында кәсіби қызмет атқара алады:

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс

842 – Мемлекеттің қоғамға жалпы сипаттағы қызметтер көрсетуі

3. Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлектің атқара алатын кәсіптерінің тізбесі

(Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіптер жіктеуіші – ҚР ҰКЖ 01 сәйкес)

7М04142 – «Мемлекеттік қызметтерді басқару» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер жіктеуіші (ҚР ҰКЖ 01) негізінде келесі кәсіптер тобы айқындалады:

335 – Мемлекеттік қызметтер көрсететін қызметшілер

Аталған топ шеңберінде түлек келесі лауазымдарда кәсіби қызмет атқара алады:

- мемлекеттік қызмет көрсету саласының бас маманы;
- мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жетекші маманы;
- халыққа қызмет көрсету орталығының (ХҚКО) маманы;
- мемлекеттік қызметтерді ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі маман;
- мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау және мониторинг жүргізу жөніндегі маман;
- электрондық мемлекеттік қызметтер жөніндегі маман (eGov жүйесі бойынша);
- мемлекеттік бағдарламалар мен сервистік жобаларды іске асыру жөніндегі маман;
- мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және реинжиниринг жөніндегі сарапшы;
- мемлекеттік қызметтер саласындағы талдау және бағалау жөніндегі маман.

ИГЕРІЛЕТІН ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Жалпы құзыреттің нөмірі мен атауы	Құзыреттер	Негіздеме
M1 Басқару өнері	Әр түрлі тілдік және мәдени ортада еркін қарым-қатынас жасау дағдыларына ие, өзінің кәсіби саласында қарым-қатынас жасай алады, коммуникацияның мәдени және іскерлік нормаларын білетіндігін көрсетеді, заманауи менеджменттің түрлі құралдары мен технологияларын қолданады.	ҚР МЖМБС 22/23 (ҚР ҒЖБМ-нің 2025 жылғы 4 наурыздағы №90 бұйрығы)
M2 Әкімшілік және кадр саясаты	Бизнес-процестердің тиімділігін талдайды және бағалайды, ұйымда кадр саясатын әзірлеу мен іске асырудың заманауи әдістері мен тәсілдерін қолданады, адам ресурстарын басқару стратегиясын әзірлейді, коммуникациялық менеджменттің әдістері мен әдістерін қолдана отырып, персоналды басқаруды жүзеге асырады.	КС «Тәуекел - менеджмент»

ИГЕРІЛЕТІН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ҮЛГІЛІК ТІЗБЕСІ

Жалпы құзыреттің нөмірі және атауы	Құзыреттері	Негіздеме
M3 Мемлекеттік қызметті басқарудағы стандарттар мен дизайн	Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында халықаралық стандарттарды енгізуді жүзеге асырады, қазіргі заманғы стандарттар мен технологияларды ескере отырып, мемлекеттік қызметтерді басқару стратегияларын әзірлейді, менеджмент жүйесін жетілдіру тетіктерін айқындай отырып, мемлекеттік басқару технологиясына инновациялық процестер мен инновацияларды таңдайды.	КС «Жобаларды басқару» КС «Тәуекел - менеджмент»
M4 Мемлекеттік басқарудың технологиялары	Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде бар проблемалар мен шектеулерді анықтайды, қызмет көрсету процестерін жетілдіру үшін инновациялық цифрлық шешімдерді ұсынады, мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктерін талдайды.	КС "Сапа менеджменті "
Өндірістік тәжірибе	Теориялық білімді бекіту, кеңейту және тереңдету; практикалық тәжірибе алу; біліктілік	ҚР МЖМБС 22/23 (ҚР ҒЖБМ-нің 2025 жылғы 4

Магистратура түлегінің моделі	Ф 3-1.1 АО – 65 – 2025	 DULATY UNIVERSITY EST. 1998
-------------------------------	------------------------	--

	сипаттамасына сәйкес негізгі кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыру.	наурыздағы №90 бұйрығы)
Магистранттың Эксперименталды-зерттеу жұмысы және магистрлік жобаны орындау (МЭЗЖ)	Эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу; ғылыми, статистикалық ақпаратты жүйелі талдау; кәсіби ойлау және өз бетінше эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын игеру.	ҚР МЖМБС 22/23 (ҚР ҒЖБМ-нің 2025 жылғы 4 наурыздағы №90 бұйрығы)
Магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау	Мемлекеттік қызметтерді басқару саласындағы нақты ғылыми және практикалық міндеттерді шешуде практикалық және кәсіби білімді қолдану; өз бетінше жұмыс істеу және ғылыми идеяларды көпшілік алдында қорғау; өз тұжырымдарын, ұсыныстары мен ұсынымдарын дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру.	ҚР МЖМБС 22/23 (ҚР ҒЖБМ-нің 2025 жылғы 4 наурыздағы №90 бұйрығы)